



Ахметжанов Балтабай Ахметжанович

1922 жылғы 1 қарашада дүниеге келген.

Еңбек ардагері, Ұлы Отан соғысының қатысушысы.

Жауынгерлік ордендермен және медальдармен марапатталған.

Ахметжанов Б. жас кезінде майданға аттанды. Майдан жолдары ауыр болды.

1944 жылы Ленинград майданында соғысып, Ленинград қоршауын бұзуға қатысты. Жеңіспен аман-есен елге оралды.

1950 жылы Семей ауылшаруашылық техникумына «агроном» мамандығы бойынша оқуға түсіп, 1953 жылы оқуын аяқтады.

Ахметжанов Б.А. ұзақ жылдар бойы «Лебяжинский» совхозының бухгалтериясында еңбек етті.

Ахметжанов Балтабай Ахметжанович 1995 жылғы 22 наурызда қайтыс болды.